



## БҰЙРЫҚ

01.09.2022 ж.

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 140

город Караганда

### Сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығына, 2022 жылдың 31 тамызындағы Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау негізінде

#### **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1) Оқушылар мен ата-аналардан сынып және мектеп қажеттілігіне заңсыз ақша жинауға үзілді-кесілді тыйым салынады;
- 2) Білім беру қызметкерлерінен ақша жинауға жол берілмесін;
- 3) Оқыту-тәрбиелеу барысында білім беру ұйымдарында коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға жол берілмесін;
- 4) Бюджеттен қаржыландырмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол берілмесін;
- 5) Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында оқушылар мен оқушылардың мәдени-көпшілік шараларға қатысу үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілсін;
- 6) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамадағы бұзушылыққа жол бермеуге; Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқушыларға ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге жол бермеу;
- 7) Ақылы қызметтен түскен, сондай-ақ қаржы-қаражат, демеушілік және қайырымдылық көмек, есептеу кезеңдерде тиісті шоттарға жіберу;
- 8) Демеушілік және қайырымдылық көмек арқылы келген материалдық құралдарын кіріске қою;
- 9) Демеушілік және қайырымдылық көмек арқылы түскен қаражат және де ақылы білім беру қызметі арқылы түскен қаражат Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес пайдалану;

- 10) Білім беру ұйымдарында жеке сипаттағы мерекелердің өткізуіне жол бермеуге;
- 11) Білім беру ұйымының бөлмелерін заңсыз жалға беру фактілеріне жол бермеуге;
- 12) Ақылы білім беру қызметтерін ұйымдастыру кезінде еріктілік ұстанымын сақтауға;
- 13) Оқушылардың ата-аналардан қаражат жинау мәселесі бойынша тұрақты жұмыс істейтін сенім телефонының жұмысын ұйымдастыру;
- 14) Оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;
- 15) Бұйрықты бұзылуына жол берген қызметкерлерге қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылсын;
- 16) Мектепте қаражат заңсыз жинауға жол берілмесін;
- 17) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.С.Балапановаға жүктелсін;
- 18) Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Директор



Ж.М.Берлибеков

Ж